

Өзін-өзі бағалау қорытындысы

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Түпқараған гуманитарлық - кәсіптік колледжі» мемлекеттік коммуналдық-қазыналық кәсіпорны (білім беру ұйымының атауы)

Баутино ауылы
(қорытынды жасалған жер)

«15» желтоқсан 2022 жыл,
сағат 18:00

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын (бұдан әрі - Бағалау өлшемшарттарын) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 10.11.2022 ж. күнгі 17 – 19/01 - 221 №1205 нұсқау хатына және 14.11.2022 жылғы колледждің кезектен тыс №1 педкеңестің қаулысына сәйкес Маңғыстау облысының білім басқармасының «Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі» мемлекеттік коммуналдық-қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі – Колледж) 2022 жылдың 15 қараша -15 желтоқсан күндері аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Колледждің өзін-өзі аттестаттау комиссиясының құрамы:

1. А. Сұлтанғали – колледж директорының міндетін атқарушы, комиссия төрайымы;
2. А. Жоламанова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрайымының орынбасары;
3. Г.Маңғыбаева- директордың кәсіби бағдар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. А. Таңатарова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. С. Жаңабаева – әдіскер, комиссия мүшесі;
6. А. Қорғанова – колледждің қойма меңгеруші, комиссия мүшесі.
7. С.Алипқалиева -кадр жөніндегі инспектор

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Білім беру ұйымының білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

1	Білім беру ұйымының толық атауы: «Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі» МКҚК
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы): 130500, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутино ауылы, Қ. Күржіманұлы көшесі №6
3	Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт): 8 702 4513120, Mptk-fort@mail.ru , https://www.tgtk-bautino.edu.kz/ .
4	Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі): «Түпқараған гуманитарлық- кәсіптік

	колледжі» МКҚК-і мекемесінің директорының міндетін атқарушы Сұлтанғали Айнуір Сұлтанғалиқызы, Маңғыстау облысының білім басқармасының 04.09.2018ж. күнгі № 103 нқ бұйрығына сәйкес тағайындалды.
5	Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі): Түпқараған аудандық әділет басқармасы берген №214-1943-05-ГП заңды тұлғаны, 150540009388 бизнес сәйкестендіру нөмірімен мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы бар
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон): 2016 жылғы 9 қаңтардағы №KZ11LAA00006405 Маңғыстау облысының Білім саласындағы бақылау Департаментінің білім беру қызметіне берілген мемлекеттік лицензиясы. және оның қосымшалары бар.

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінде оқытылатын мамандықтар:

Коды, мамандық атауы	Коды, біліктілік атауы
01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4S01120102-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі
07320100 - Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	4S07320106 -Техник-құрылысшы
07150500 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501-Электргазымен дәнекерлеуші 1114042-Техник-механик
07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304- Техник-механик 1201092-Автомобиль жөндеу шебері 3W07161301-Автомобиль жөндеу слесарі
01140300-Көркем еңбек	4S01140301-Көркем еңбек мұғалімі
07221400-Жиһаз өндірісі	4S07221406-Техник-технолог
06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы
06130100-Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*	4S06130103-Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы

2. Кадрлық әлеуетті талдау.

Түпқараған гуманитарлық – кәсіптік колледжінің ұжымы, колледж білім алушыларына сапалы білім беру үшін жағдай жасауда осы міндетті шешудің жолын табады. Сапалы білім беру үшін жағдай жасау педагог біліктілігіне, колледжішілік басқару мен бақылаудың сапасына, әдістемелік жұмыстың сапасына, материалдық-техникалық базаның даму деңгейіне тікелей байланысты. Бұл компоненттердің әрқайсысының өзіндік мәні бар. Оқыту сапасын бағалаудың қажетті шарты оның нәтижелерін диагностикалау болып табылады. Оқыту сапасын диагностикалау-бұл оларға қол жеткізу жолдарын, оның тенденциялары мен динамикасын ескере отырып, оқу процесінің нәтижелерін дәл анықтау процедурасы. Мамандарды даярлау сапасының мәселелері колледж әкімшілігінің назарында. Білім беру процесінің сапасына мониторингті жүзеге асыру үшін аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері

бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейіне талдау жүргізіледі. Құрылымдық бөлімшелердің қызметін талдау ұсынылған нысанда жүргізіледі.

Оқу жылының соңында әдістемелік кеңес отырысында жылдық қорытынды есепке талдау жүргізіледі.

Сапаны алу үшін қажетті жағдайларды жасаудағы негізгі орын тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби қалыптасуына бағытталған білім беру келесі бағыттар бойынша білім беру процесінің барлық қатысушыларының мониторингі бар:

- білім алушылардың білім беру бағдарламаларына, оқу үдерісіне қанағаттануы колледж мамандықтары және материалдық-техникалық базасы;

- ата-аналардың/ата-аналарды немесе қамқоршыларды білім берумен алмастыратын адамдардың қанағаттануы колледж ұсынатын қызметтер;

- жұмыс берушілердің түлектерді кәсіби даярлау сапасына қанағаттануы;

- педагогтердің кәсіби қызмет және материалдық жағдайына қанағаттануы- техникалық базасы.-

2020-2021 оқу жылында Колледждің әдістемелік жұмысының жоспары бекітілді.

Ұжымның басты міндеттері – Мамандықтың үлгілік оқу жоспары, заманауи нарықтың талаптары, бәсекеге қабілетті маманның тұлғасының талаптарына сәйкес кәсіби даярлықты қамтамасыз етуге жағдайларды құру. Әдістемелік кеңес мүшелері бірінші санатты және арнайы пән оқытушыларынан жасақталды. Пцк жетекшілері әдістемелік кеңесі отырысында тағайындалды. Жас мамандар тобы 5 оқытушыдан тұрады оларға тәлімгерлер тағайындалды. [2.1]

2021-2022 оқу жылы. Колледждің әдістемелік жұмыс жоспары педагогикалық кеңес отырысында қаралып және мақұлданды. Әдістемелік қызмет мақсаты: Оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін және кәсіби шеберлік деңгейін арттыру үшін жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және жағдайлар жасау жағдайында колледждің инновациялық қызметін әдістемелік қамтамасыздандыру. Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары бойынша жұмыстар атқарылады. [2.2]

2022-2023 оқу жылының басында Түпқараған гуманитарлық – кәсіптік колледжі педагогтарының жалпы саны 33 адамды құрады. Білім алушылар контингентінің ұлғаюымен оқытушылар контингенті де ұлғаяды.

Колледж оқытушыларының орташа жасы- 45 жас. 20 жастан 30 жасқа дейінгі - 42% жас санатындағы оқытушылар басым, олардың өтілі 3 жыл, жас санаты 31-ден 40-қа дейін 10 жыл өтілі бар педагогтердің үлесі-27%, 41-50 жас (12%), өтілі 15 жыл. 25 жылдан астам өтілі бар педагогтердің үлесі 9% - 51-ден 60 жасқа дейінгі санатты құрайды. [2.3]

Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлері үшін мамандықтың дайындалатын біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы саны

Оқу жылы	Барлығы	Оқытушылар саны	Өндірістік оқыту шеберлер
2020-2021	24	22	2
2021-2022	29	27	2
2022-2023	33	30	3

Жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтардың және (немесе) магистрлердің үлесі, олар үшін негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша педагогтер саны

Жылдары	Барлығы	Штаттық кызметкерлері	Модератор	Педагог - сарапшы	Педагог – шебер	Магистр	Бірінші санат	Жоғары санат	% колледж бойынша
2020-2021	24	22	0	1	0	1	11	1	58,3%
2021-2022	29	25	1	1	1	2	8	1	48,27%
2022-2023	33	31	2	1	1	3	8	1	48,48%

2021-2022 оқу жылында колледж педагогтары түрлі ұйымдарда біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Оқытушылардың ең көп саны цифрлық құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін арттыруға арналған курстарына қатысты.

Курс атауы	Өткізілген орыны	Оқытушылар саны
Орта білім мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру пәні бойынша колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АО (18.10.2021, 80 с.)	22
«Жас маман» жобасы шеңберінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын трансформациялау процесіндегі басшының рөлі: халықаралық тәжірибе»	«TALAP» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы Астана қ. (29.09.2021 ж, 72ч.)	4
«Педагог – психологтардың жұмысын ұйымдастырудың ғылыми - тәжірибелік негіздері»	Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы Алматы қ. (13-25.12.21ж. 80 с.)	1
«Менеджмент: басқару құзыреттілігі және көшбасшылық	Аймақтық тестілеу орталығы USTUDY Ақтау қ. (07.02.2022ж. 80 с.)	5

Педагог кадрларды аттестаттау

2021-2022 оқу жылында аттестаттауға келесі оқытушылар санатын арттыруға өтініш берді:

№	Аты – жөні	Санат атауы	Санат өтініші
2	Майрамбаев Ғ.Қ.	екінші	Педагог - модератор
3	Маңғыбаева Г.М.	бірінші	Педагог - сарапшы

Біліктілік тестілеуден сәтті өтіп, оқытушылар Майрамбаев Ғ.Қ.– педагог-модератор, Маңғыбаева Г.М.– педагог-сарапшы санатын алды. 2022-2023 жылы біліктілік санатын беруге аттестатталатын педагогтер бойынша сандық мәліметтер.

	Оқу орынның атауы	Барлығы	Оның ішінде (саны)			
			Педагог - модератор	Педагог - эксперт	Педагог - исследователь	Педагог - мастер
1.	Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі	12	6	4	1	1

Колледжде оқу-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы, ҚР БҒМ "Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына (әділет органдарында 13.12.2007 жылы № 5036 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды. ҚР Үкіметінің Қаулыларымен, техникалық және кәсіптік білім беру мәселелері жөніндегі ҚР БҒМ бұйрықтарымен, ішкі жергілікті актілермен бекітілген басқа да нормативтік-құқықтық актілермен, колледждің перспективалық және ағымдағы жоспарлары.

Педагогикалық ұжым ағымдағы оқу жылында "оқу-тәрбие процесін жаңғырту құралы ретінде колледждің білім беру ортасына оқытудың заманауи білім беру технологияларын игеру және енгізу" әдістемелік тақырыбымен жұмысты жалғастырды. Колледждің әдістемелік жұмысының басты мақсаты педагогтердің кәсіби білімі мен дағдыларын жетілдіру, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту, педагогикалық процестің тиімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

Колледждің әдістемелік тақырыбы: «Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру және дамыту».

Оқу-әдістемелік жұмыстың міндеттері:

- оқу үрдісінде ақпараттандыру бағдарламасын енгізу бойынша әдістемелік көмек көрсету;
 - педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету;
 - жаңа педагогикалық технологияларды зерттеу және оны тәжірибеге енгізу;
 - педагогикалық тәжірибені жинақтау бойынша әдістерін, құралдары әзірлеу, енгізу және қолданыстағы технологияларды жетілдіру;
 - оқу үдерісінде әдістемелік қамтамасыз ету сапасының мониторингін ұйымдастыру;
- оқу - әдістемелік жұмыс жоспары . Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларына сараптама ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламалары талқыланды; колледжде оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері қаралды; ЦӨК қызметінің жылдық жоспарлары келісілді және бекітілді; тест тапсырмаларын әзірлеу және сараптау және білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да нысандары мәселелері көтерілді.

Колледжде 2 циклдік әдістемелік комиссия жұмыс істейді:

- * Гуманитарлық және жалпы білім беретін пәндер ЦӨК;
- * Жаратылыстану және арнайы пәндер ЦӨК.

2020-2021 оқу жылының екінші жартыжылдығынан бастап, қашықтықтан оқыту - білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту педагог пен оқушының территориялық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асырылды. Осыған орай, колледж оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасу жүргізілді.

Колледжде қашықтықтан оқытуда BilimLand, Microsoft TEAM, Sabak.kz, ZOOM платформасы заманауи бағдарламалар мен техникалық құралдарды пайдаланудың арқасында қолжетімділік пен ашықтық, оқушыға үйден шықпай-ақ оған ыңғайлы уақытта оқуға мүмкіндік алды.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеру көзделді.

ZOOM платформасы оқушыларды оқытудың жеке кестесі, әрбір күнге оқу тапсырмасын алу әдістері мен құралдары және оларды оқушы үшін ыңғайлы уақытта орындау, электрондық журналдар немесе мұғалім белгілеген басқа да қолжетімді байланыс түрлері, соның ішінде мессенджерлер арқылы кері байланыс ұсыну сияқты мүмкіндіктер пайда болады. Мұндай форма өзін-өзі жетілдіру дағдыларын дамытады.

«Инновациялық ақпараттық технологиялар - өркениет өзегі» тақырыбында қашықтықтан оқыту режиміндегі семинар апталығы өткізілді. Сабақты қашықтықтан оқытуда тиімді оқу мен оқытудың кейбір тәсілдері, белсенді оқуды ұйымдастыруда оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісін дағдылануын қалыптастыру, жаңа формалар мен әдістерін іздестіру мақсаты көзделді. Колледж оқытушылары қашықтықтан оқытуда ZOOM бағдарламасы арқылы сабағын дер кезінде өткізіп, білім беруде жаңа технологияларды енгізіп, тәжірибе алмасуда шығармашылық қабілеттерін дамытты. Оқушыларды да берілген тапсырмаға кері байланыс жүргізіп, жауапкершілікке, өз бетімен тапсырма орындауға дағдыланды. Оқытушылар сабақтарын «PLANET SKILLS» халықаралық ағартушылық жобасы конкурсына қашықтықтан өткізген сабақтарын жариялады.

(Республикалық кәсіби сайысының қорытындысы)

№	Оқушының аты-жөні	Байқау атауы	Сабақтың тақырыбы	Нәтиже
1.	Адилханова Г.Г.	«Қашықтықтан оқытудың үздік педагогі» Республикалық кәсіби сайысы «PLANET SKILLS» халықаралық ағартушылық жобасы	«Мектеп жасына дейінгі балаларды мәдени-гигиеналық дағдыға тәрбиелеу»	I Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Сайысқа қатысқандығын растайтын Сертификат
2.	Даңшабаева Элеонора Қостанбекқызы	«Қашықтықтан оқытудың үздік педагогі» Республикалық кәсіби сайысы «PLANET SKILLS» халықаралық ағартушылық жобасы	«Латын Америка елдері»	I Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Сайысқа қатысқандығын растайтын Сертификат
3.	Жумағалиева Гулмира Аскаровна	«Қашықтықтан оқытудың үздік педагогі» Республикалық кәсіби сайысы «PLANET SKILLS» халықаралық ағартушылық жобасы	«Бестемше ойыны» тақырыбында танымдық демонстрациялық сабағы	I Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Сайысқа қатысқандығын растайтын Сертификат
4.	Куанова Қымбат Қосайқызы	«Қашықтықтан оқытудың үздік педагогі» Республикалық кәсіби сайысы «PLANET SKILLS» халықаралық ағартушылық жобасы	«Кірпіш таспен қалау жұмыстары»	I Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Сайысқа қатысқандығын растайтын Сертификат
5.	Ағатаева Балдырған	«Қашықтықтан оқытудың үздік педагогі»	Мұхтар Әуезов «Абай жолы»	I Дәрежелі Дипломмен

	Жетімекқызы	Республикалық кәсіби сайысы « PLANET SKILLS» халықаралық ағартушылық жобасы	роман- эпопеясынан үзінді	марапатталды. Сайысқа қатысқандығын растайтын Сертификат
--	-------------	--	---------------------------------	--

Колледжде Ресми сайт жұмыс істейді <https://www.tgtk-bautino.edu.kz/> ол білім беру, ғылыми-әдістемелік, қоғамдық қызмет, тәжірибе, шығармашылық идеялар, жетістіктер, сыныптан тыс жұмыстардың түрлерімен алмасуды жан-жақты қамтиды. Бетте: студенттерге де, ата-аналарға да туындаған мәселелер бойынша жүгінуге болатын ақпараттық қолдау орталығы; студенттерге арналған онлайн ресурстар; әдістемелік бейнероликтер орналастырылған қашықтықтан оқыту технологияларымен жұмыс; колледж оқытушылары жасаған бейне сабақтарға сілтемелер. Бейне сабақтармен қашықтан жұмыс істеу үшін YouTube арнасы қолданылады, бейне сабақтың ойнату тізімдері әзірленді және орналастырылды. <https://www.youtube.com/channel/UCc6A5ZdQCJgNnDbmYtwc0ww>

Колледждің оқу процесінің жеделдігі мен сапасын арттыру мақсатында оқытушылардың жұмысын ұйымдастыру үшін папкалар құрылды: нормативтік құжаттар; жоспарлар, ережелер мен ұсыныстар; әдістемелік кеңес; оқытушыларды аттестаттау; озық педагогикалық тәжірибе мектебі; Жас педагог мектебі; қашықтықтан оқыту; біліктілікті арттыру; ғылыми - зерттеу жұмысы; байқаулар-конкурстар; оқытушылардың жұмысын ұйымдастыруға арналған нысандар.

Әдістемелік мәселені шешу үшін колледжде: жас педагог мектебі (бұдан әрі – ЖММ); озық педагогикалық тәжірибе мектебі (бұдан әрі – ЖММ) жұмыс істейді.

ЖММ жас оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша міндеттерді шешеді. Мектеп жұмысы жаңадан келген қызметкерлерге бейімделу процесінде көмектесуге, сабақ жоспарларын жасауға үйретуге, өз сабақтарында оқытудың заманауи инновациялық әдістемелерін қолдануға, дөңгелек үстелдер; шеберлік сыныптарын өткізуге; кәсіби шеберлік конкурстарын өткізуге және қатысуға бағытталған. "2021-2022 оқу жылында жас оқытушыларға тәлімгерлерді тағайындау туралы"

2021 жылғы 17 қыркүйек № 01-04-34 бұйрығы негізінде Жас мамандарға тәлімгерлері тағайындалды. Колледжде жас мамандарға жұмыс істеу, оқу жүйесінде оқытушының мәртебесі туралы түсінік қалыптастыру. Оқу жұмыс бағдарламаларының құрылымы және мазмұнын, оқу процесінің кестесі бойынша мағлұмат алып танысуға. Оқу сабақтарының электронды журналын толтыруын көрсетіп және жаңа технологияда сабақ берудің ерекшеліктерімен түсіндіріп. Оқытушылар мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика. Кеңес беру жұмыстары атқарылды.

Тәлімгерліктің мақсаты жас оқытушыларға олардың кәсіби қалыптасуына көмек көрсету болып табылады. Тәлімгерлердің жұмысы жоспар бойынша жүргізілді, алайда тәлімгерлердің жұмысын жақсарту және жүйелеу қажет.

Жас мамандар мектебінің жұмысын қорытындылай келе, әдістемелік қолдау бастаушы мамандардың сәтті педагогикалық бейімделуіне ықпал етеді, туындаған қиындықтарды жеңуге, кәсіби деңгейін арттыруға көмектеседі деген қорытынды жасауға болады.

Озық педагогикалық тәжірибені беру, жас оқытушылармен жұмыс істеу, ашық сабақтар өткізу, шығармашылықпен жұмыс істейтін оқытушылардың тәжірибесін жинақтау, кейіннен талдаумен сабақтарға өзара қатысу, пәндік апталар мен онжылдықтарды ұйымдастыру және өткізу, онлайн оқыту кезінде әдістемелік көмек көрсету бойынша sabak.kz платформасында «STEAM – білім беру – заман талабы» (Жаңартылған білім беру және кәсіптік модульдер мен тәжірибе мазмұндарына STEAM –

білім беруді қолдану бойынша on-line тәжірибе алмасу сабақтарының кестесі) Сабақтың мақсаты: Жаңартылған білім беру және кәсіптік модульдер мен тәжірибе мазмұнына STEAM білім беруіне сәйкес болашақ мамандардың кәсіби білімін арттыру; STEAM – білім беруде білім сапасын арттыру, білім беру үрдісіне инновациялық тәжірибе тарату; озық педагогикалық тәжірибелерді насихаттау және тәжірибе алмасу. Облыстық семинарға сілтеме жіберу арқылы облыс көлемінде білім беру ұйымдары қашықтықтан сабаққа қатысуға мүмкіндік алды. (қосымша 12.1.4.3)

Ашық есік күндері аясында ауыл мектептеріне арналған кәсіптік бағдар беру жұмысы ауыл оқушыларын колледждің мамандықтары мен кәсіптерімен, оқу, ғылыми және мәдени өмірімен таныстыру, оқыту процесінде пайдаланылатын технологиялар, оқу-материалдық және ақпараттық база көрсетілді. Оқытушылар мен магистранттар жоғары сынып оқушылары мен олардың ата-аналарының қабылдау шарттары, оқу бағыттары және т.б. туралы сұрақтарына жауап береді, оқытушылармен және ең жақсы студенттермен, мамандармен, талапкерлермен және олардың ата-аналарымен кездесулер ұйымдастырумен қатар, презентациялық материалдар, презентация сабақтары көрсетілді, ақпараттық және жарнамалық материалдар таратылды. Өткізілетін іс-шаралардың тиімділігі үшін жоғары сынып оқушылары мен талапкерлерге арналған кәсіптік бағдар жұмысы ұйымдастырылды, әр мамандық бойынша колледж студенттері шеберлік сыныптарға шолу жасады.

Мамандықтардың пәндік апталары. Техникалық және кәсіптік білім беруде білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыруда ашық есік күні өткізілді. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының арнайы пән оқытушысы Гүлжан Адилханованың ұйымдастыруымен балабақша тәрбиешілерімен кездесі сұхбаттасты, «Дәнекерлеу ісі» мамандығының арнайы пән оқытушысы Абзал Мендихановтың ұйымдастырумен, мектеп оқушыларына дәнекерлеу құрылғыларымен таныстыры, қызығушылығын оятты. «Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану» мамандығының арнайы пән оқытушысы Қуанова Қымбат WorldSkills чемпионатының 3 – модулін тәжірибе арқылы 3 курс студенттеріне жасаты мектеп оқушыларына көрсетті, «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының арнайы пән оқытушысы Майрамбаев Ғалымжан «Веб - дизайн» құзыреттілігінің 1-модулі бойынша демонстрациялық сабағын өткізді, «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының арнайы пән оқытушысы Анаргүл Дуанаева өздерінің мамандықтары бойынша автокөлік құрал - жабдықтарына, қондырғыларына демонстрациялық сабақтарын, саяхат сабақтарын, жыл сайынғы өткізіліп отырған WorldSkills чемпионатының элементтерін пайдаланып, оқушыларға қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып, , шеберлік сағатын өткізді . Оқушылардың да, жетекшілерінің де мамандықтарға деген қызығушылықтары байқалады. Ж.Мыңбаев, М.Горький, Е.Өмірбаев орта мектебінің 9,10 сынып оқушылары қатысты. Жастардың заманауи еңбек нарығының талаптарына сай, техникалық және кәсіби білімін арттыруда, мектеп оқушыларын колледждерге тарту үшін кәсіптік бағдар беру шарасы жүргізілді.

Колледжішілік «Үздік жас маман-2021» тақырыбында байқау өткізілді. Байқаудың мақсаты: жас мамандардың біліктілігін, жан-жақты өз кәсібінің шебері екендігін сынау арқылы оларды іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға бар күш жігерін жұмсауға баулу. Қатысушы жас мамандар түрлі номинациялармен марапатталды.

I орын география пәнінің оқытушысы Даңшабаева Элеонора, II орын информатика пәнінің оқытушысы Майрамбаев Ғалымжан, III орын арнайы пән оқытушысы Мендиханов Абзал ие болды. Колледжішілік «Үздік жас маман-2021» байқауы өз мақсатына жетті, жас мамандарымыз қазіргі жаңа технологияның элементтерін қолданды. Элеонора мен Ғалымжан сабақ жоспарлары жаңартылған білім мазмұны бойынша ҚР БжҒМ 130

бұйрықтың 35 қосымшасына сай әзірленген. «Үздік жас маман-2021» колледжішілік байқауының қортындысы бойынша І дәрежелі орын алған Даңшабаева Элеонора сырттай облыстық кезеңге құжаттарын тапсырды. «Үздік жас маман-2021» облыстық байқауында Даңшабаева Элеонора бірінші кезеңінен тест сынағынан (online) өтіп, облыстық байқауға қатысқаны растайтын сертификат алды.

Оқытушының ғылыми-зерттеу жұмысы

(Мақалалар, Әдістемелік құралдар, оқулықтар, конференцияларға қатысу және т. б.)

№	Оқытушының аты -жөні	Іс шара атауы	Өткізілген орыны	Өткізілген уақыты	Қорытындысы
1	Оралханова П.Ж.	«XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» жалпыұлттық, «Қазақ меценаттары және олардың Алаш қозғалысын қолдау жолындағы қызметі» номинациясы байқауы (ғылыми – зерттеу жұмысы)	Есенов атындағы Каспий мемлекеттік және инженеринг университеті	7.12.2021 ж.	3 орын иеленіп, жүлделі сертификат алып, алғыс хатпен марапатталды.
		«Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері» тақырыбында ашық сабағы.	«Білім өркениеті» журналына жарияланды. Ш.Есенов атында	02.2022 ж.	«І дәрежелі грамотамен марапатталды.
2	Сұлтанғали А. С.	«Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – оқу мен оқытудың тиімділігін арттыру» республикалық ғылыми-практикалық конференция	«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі» МКҚК	25.02.2022 ж.	ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.
		«ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАР» тақырыбындағы баяндама	«Колледж» журналына жариялауға ұсынылды.	04.2022 ж.	№3 журнал мақала 3 бет.
		«Информатика және заманауи ақпараттық технологиялар» атты әдістемелік құралы	Алматы облысы Талдықорған қаласындағы «КӨШБАСШЫ» оқу-әдістемелік орталығы Ғылыми-әдістемелік кеңесі	21.05.2021ж.	Куәлік.№К15-51/ӘҚ-2022
3	Маңғыбаева М.Г.	«БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ДУАЛЬДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ» тақырыбындағы баяндама	«Колледж» журналына жариялауға ұсынылды.	04.2022 ж.	№3 журнал мақала 2 бет.
		«Химия пәнін меңгерудің заманауи жолдары» атты	Алматы облысы Талдықорған	21.05.2021ж.	Куәлік.№К15-57/ӘҚ-2022

		әдістемелік құралы	қаласындағы «КӨШБАСШЫ» оқу-әдістемелік орталығы Ғылыми- әдістемелік кеңесі		
4	Сисенбаева Г.М.	«ПЕДАГОГ КАДРЛАР ДЕНГЕЙІН КӨТЕРУ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫ» тақырыбындағы баяндама V «Үздік педагог-2021» республикалық кәсіби сайысы Қазақ тілінен жаңартылған білім мазмұнына негізделген тапсырмалар «Сөз сыры» атты әдістемелік құралы жасақталды	«Колледж» журналына жариялауға ұсынылды. Planet skills Нұр-сұлтан Алматы облысы Талдықорған қаласындағы «КӨШБАСШЫ» оқу-әдістемелік орталығы Ғылыми- әдістемелік кеңесі	04.2022 ж. 10.02.2021ж. 25.06.2021ж.	№3 журнал мақала 1 бет. III дәрежелі диплом Куәлік. №K15- 74/ӨҚ-2022
5	Қанжан Г.Т.	Қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы, «Аңыздың ақыры» романының мазмұны» тақырыбындағы сабағы	«Ұлағат» журналына жарияланды	02.2022 ж.	Мақала
6	Тлешов Ж.	«Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау. Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау» тақырыбындағы сабағы	«Алғашқы әскери дайындық» журналына жарияланды.	Сәуір, 2022 ж.	Мақала
7	Адилханова Г.Г	«Мектеп жасына дейінгі тәрбие түрлері мен әдістемесі» атты әдістемелік құралы «Білім берудегі теориялық және методологиялық мәселелер» тақырыбындағы облыстық ғылыми- тәжірибелік конференция	Алматы облысы Талдықорған қаласындағы «КӨШБАСШЫ» оқу-әдістемелік орталығы Ғылыми- әдістемелік кеңесі, «Palitra» баспасы. «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК базасында	25.06.21 ж. 20.04.21	Куәлік № K15- 62/ӨҚ-2022 Сертификат

8	Жаңабаева С.К. Дуанаева А.С.	«Жеңілдету көлік қозғалтқышының механизмдері мен жүйелері» әдістемелік құралы	Алматы облысы Талдықорған қаласындағы* «КӨШБАСШЫ» оқу-әдістемелік орталығы Ғылыми-әдістемелік кеңесі, «Palitra» баспасы.	20.10.2021 ж.	Куәлік № К15-75/ӘҚ-2021
9	Қуанова Қ.Қ.	«Көбіктібетонды дайындаудағы құрғақ минерелизация әдісі» тақырыбында баяндама	Павлодар қаласында Торайғыров университетінің 60 жылдығына арналған «ХІІ Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы	2021 ж.	Сертификат
10	Жумағалиева Г.А.	«Дене тәрбиесі және спорт: жағдайы және даму болашағы» тақырыбында баяндама	Павлодар қаласында Торайғыров университетінің 60 жылдығына арналған «ХІІ Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы	2021 ж.	Сертификат
11	Иманғалиева Ж.Н.	Ағылшын тілі сабағында сурет көрнекілігін қолдану арқылы студенттердің сөйлеу іскерлігін дамыту жолдары	Алматы облысы Талдықорған қаласындағы «КӨШБАСШЫ» оқу-әдістемелік орталығы Ғылыми-әдістемелік кеңесі	2022 ж.	№К15-74/ӘҚ2022

Білім алушылармен зерттеу және жобалық жұмыс

Өскемен ұрпақ болашақ мамандарға тиянақты да, сапалы білім беру үшін ізденіс арқылы, білім алушының құштарлығы мен қызығушылығы арқылы, сабақта жаңашыл әдістерді пайдалану арқылы оларды өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалдармен ұштастыра білуге дағдыландыру, ғылыми жұмыс жазу барысында оқушының бойында ізденіс әрекетін ұйымдастыру, проблеманы тану және оны шеше білу дағдысын қалыптастыруымыз керек.

Л.С. Выготский: «Дұрыс ұйымдастырылған оқыту процесі ғана баланың жеке басының дамуын ілестіре алады», - дейді. Сондықтан оқыту процесі жаңа инновациялық әдістер мен жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді.

Білім алушылардың дүниетанымын кеңейту, зерттеушілік қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау үшін қажетті білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы олимпиадаға дайындау, ғылыми - практикалық конференция, дебат, кәсіби конкурстар т.б. қатысуы болып табылады.

Жалпы білім алушылардың тәрбиелік және ғылыми –зерттеу жұмысындағы жаңашылдықты қалыптастыру үшін зерттеу топтарын құру өзектілігі мынаған саяды:

- білім алушылардың үрдісін демократияландыру және ізгілендіруге. Бұл білім алушылардың тұлғалық әлеуетін аша түсуге қажетті жағдай туғызады;
- білім алушылардың оқу және тәрбиелік деңгейін анықтайтын педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыды;
- білім алушылардың мүмкіндіктерін айқындап, инновациялық тәрбие мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдану саласын және ынталандыру әдістерін анықтауға ықпал етеді.

Түпқараған гуманитарлық – кәсіптік колледжі әр түрлі деңгейдегі, ауқымды шаралар мен жобаларға қатысты.

Жыл	Атауы	Марапаттар
2019	Қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына орай "үздік гид" номинациясы бойынша облыстық байқауы	I дәрежелі диплом
2021	Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған колледж және мектеп оқушыларының арасындағы «Қазақстанның киелі жерлері» тақырыбында республикалық on-line сайт құру чемпионаты	II дәрежелі диплом
2021	«Экология – барша ортақ қамқорлық»	II дәрежелі диплом
2021	Маңғыстау облысының әкімдігі Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Арнаулы орта оқу орындары студенттері арасында облыстық экологиялық олимпиада»	III дәрежелі диплом
2021	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Үздік кәсіби бағдар беруші облыстық байқауы мен WorldSkills Aktau 2021» чемпионаты аясында өткен WorldSkills Aktau өңірлік құрамасымен «КӨР ДЕ ЖАСА»	I, II, III дәрежелі диплом
2022	Халықаралық туризм күніне арналған білім қызметкерлері арасындағы XXV Республикалық «Еуропа – Азия» туристік облыстық фестивалі	2 дәрежелі диплом

«Игілік» еріктілер тобының мүшелеріне Ұлттық волонтерлік желі Қазақстандағы волонтерлікті дамыту мен қолдауға қосқан үлестері үшін Республикалық волонтерлер фронт-офісінің басшысы Т.А. Миронюктің атынан сертификаттар табысталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік — баға жетпес байлық» атты іс-шаралар жоспарына сәйкес білім алушыларға колледжді бітірген түлектердің жетістіктерін көрсету, мамандықты игеруде қажетті кеңес алу, тәжірибемен бөлісу мақсатында «Тәуелсіздік таңының түлектері» атты еркін форматта кездесу ұйымдастырылды.

Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында "Qazaqstan jastary" және "Mangystau-Adaldyk alany" жобалық кеңсесінің облыс тұрғындары арасында жариялаған «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты байқауына қатысушы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Сисенбаева Гулшара Мангистауовнаның бейнеролигі жарияланды (https://www.facebook.com/100013466105068/videos/9113221061_73795/)

2021-2022 оқу жылында колледж оқытушылары білім алушылармен жобалау және зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Білім алушылар кәсіби мамандығы бойынша байқауларға және әртүрлі деңгейдегі, ғылыми конференцияларда баяндамасын қорғайды. Оқушылар олимпиадаларға қатысады. Жобалық жұмыстың нәтижелері кестеде көрсетілген.

№	Жұмыс түрі	Өткізілген уақыты	Қатысушының аты - жөні, қорытындысы	Жетекшісінің аты - жөні
---	------------	-------------------	-------------------------------------	-------------------------

1	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген Ә.Кекілбаевтың «Бәсеке» повесі бойынша облыстық байқау	2021 ж.	Оралбаева Н. 1 дәрежелі диплом.	Қанжан Г.Т.
2	МО ПБ-ның мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында "Qazaqstan jastary" және "Mangystau-Adaldyk alany" жобалық кеңсесінің облыс тұрғындары арасында жариялаған «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты байқауы	12.10.21 ж.	Шопанова А. сертификат	Сисенбаева Г.
3	ҚР мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Отанымыздың рәміздері» ресублкалық байқауында «Мен – өз отанымның патриотымын» атты мәнерлеп оқу номинациясы	12.2021ж	Тұрғанбай Дилнұр II дәрежелі диплом	Сисенбаева Г.
4	ТЖК, ОБКББҰ студенттері арасында өткен «Абыройлы ұстаз» облыстық бейне ролик байқауы	2021 ж.	Ахметова А. сертификат	Сисенбаева Г.
5	ҚР колледж және мектеп оқушыларының арасында өткізілген «Қазақстанның киелі жерлері» атты сайт құру бойынша чемпионаты	2021 ж.	Көшкінбаев Ж. Бекқали Н. грамота	Майрамбаев Г.
6	Мектеп оқушылары мен колледж студенттері аралығындағы V Республикалық пәндік олимпиадасына	04.02.2022ж.	Нұртөреева С., Нұрғали Э., Құрмашова А, Исаева Н., 1- орын диплом	Иманғалиева Ж.Н.
7	«Арнаулы орта оқу орындары студенттері арасында облыстық экологиялық олимпиада» байқауы	03.06.2022ж	Алдашев А.	Сисенбаев Г.М.
8	«Тақтатаспен қаптау» - «WorldSkills Kazakhstan-2022» кәсіби шеберлік республикалық чемпионаты	10.06.2022 ж	Жоламанұлы М. 2 орын күміс медаль	Ақшолоков А.
9	«Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» «WorldSkills Kazakhstan-2022» кәсіби шеберлік республикалық чемпионаты	10.06.2022 ж	Түребай А.С. 2 орын күміс медаль	Ақшолоков А.

3. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

Мамандық	2020-2021	2021-2022	2022-2023
01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	75	74	46
07320100 - Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	23	25	21
07150500 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	50	50	74
07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	50	49	50
01140300-Көркем еңбек		25	40

07221400-Жиназ өндірісі		25	15
06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	18	17	25
Барлығы	266	265	277

3.1 ҚОСЫМША

4. Оқу әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына өлшемшарттар.

Білім беру ұйымдарының жылдық жұмыс жоспарының болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің міндеттеріне сәйкестігі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20317 болып тіркелген) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі:

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі Маңғыстау облысының техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік оқу орны болып табылады. Колледж түлектері жалпы және кәсіби құзыреттілікке ие, кәсіби және жеке өсу міндеттерін анықтай алады, өз мансабын жобалау дағдыларына ие. Колледжді бітіргеннен кейін олар ауданның ұйымдары мен кәсіпорындарында табысты еңбек етеді, сондай-ақ жоғары оқу орнында оқуын жалғастырады.

Министрдің бұйрығының 39-қосымшаға сәйкес жыл сайын колледждің стратегиялық даму жоспары негізінде сапа саласындағы миссияға, саясатқа және мақсаттарға сәйкес колледждің жылдық жұмыс жоспары әзірленеді.

Барлық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары мыналарды қарастырады:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқуды;

2) зертханалық және практикалық сабақтарды орындауды;

3) өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуді;

4) егер жұмыс оқу жоспарында және жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауды;

5) аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуді.

Қазақстан Республикасының "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінің педагогикалық ұжымы жыл сайын «Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысында әзірленген стратегияға, миссияға және сапа саласындағы саясатқа және Қазақстан Республикасының 2020 - 2025 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білім беру міндеттеріне сәйкес білім беру

қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жоғары мақсаттар мен міндеттер қояды.

Жылдық жұмыс жоспарлары жыл сайын колледждің педагогикалық кеңесінде талқыланады және бекітіледі.

«Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жылдық жұмыс жоспарлары 2020, 2021, 2022-жылдардың №1 педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілді. [4.1] (пед. кеңес хаттамалары).

Колледж миссиясы: «Еңбек нарығының өзгеретін қажеттіліктері жағдайында өзінің таңдаған кәсіби қызметінде құзыреттілікке бағдарланған көшбасшылық қасиеттері бар, бәсекеге қабілетті орта буын мамандарын және жұмысшы кадрларды даярлау»

Колледж міндеттері:

1. Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмірдің берік негіздерін қалыптастыру;
2. Азаматтық пен отансүйгіштікті, Отанға-Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікті тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді, халықтың дәстүрлерін құрметтеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы қандай да болмасын іс-әрекеттерге төзбеуге тәрбиелеу;
3. Білікті, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру;
4. Еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтар ашу және мемлекеттік тапсырыс есебінен мамандар әзірлеу;
5. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жақсы меңгерген балалар тәрбиелеу;
6. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету;
7. World Skills стандарттарына сәйкес оқу процесіне бағалау жүйесін енгізу;
8. Студенттерді оқу жұмыс бағдарламаларына WorldSkills стандарттарының тапсырмаларын енгізе отырып World Skills стандарттарына сәйкес оқыту;
9. Колледж бен республика көлеміндегі басқа ТЖКБ ұйымдары арасындағы ынтымақтастық тетіктерін жетілдіру;
10. Педагогтардың біліктілігін арттыру, оның ішінде IT-құзіреттілігін дамыту;
11. Педагогтардың облыс, республика, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;
12. Біліктілігін арттырған педагогтармен кері байланыс жұмыстарының тиімділігін арттыру;
13. Оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламалар әзірлеу және озық іс-тәжірибесін облыс, республика көлемінде тарату;
14. Жаратылыстану-математика пәндерін оқыту сапасын арттыру;
15. Академиялық дербестік аясында жұмыс берушілерді қатыстыра отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

Колледж жұмысының негізгі бағыттары

Мемлекеттік және әлемдік стандарттар талаптарына сәйкес әлеуметтік-гуманитарлық және инженер-техникалық мамандықтары бойынша орта буын мамандарын;

Біліктілік кадрларын даярлау;

Орта және басқа да кәсіби білімді адамдарды қайта даярлап, біліктілігін арттыру;

Өзге оқу деңгейіндегі адамдардың біліктілігін қайта жетілдіру;

Республикағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жанаруына, оның әлемдік шаруашылық және құқықтық процестерге тезірек қиындықсыз енуіне көмектесу

Колледж орта кәсіби білім бағдарламаларын, оқушыларды тәрбиелеуді қамтамасыз ететін іргелі де қолданбалы сипаттағы ғылыми-зерттеу бағдарламаларын іске асырады.

Колледж орта кәсіби білімді кадрларды даярлау, оқыту мазмұны мен мерзімдері бойынша әртүрлі кәсіптік білім беру бағдарламаларымен іске асырылады. Орта кәсіби білім берудің оқу бағдарламаларының мазмұны орта кәсіби білімнің мемлекеттік жалпы

міндеттік стандарттарымен білгіленеді және колледж оқытушылары құрастырған жұмыстық оқу жоспары және бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

«Түпқараған гумнаитарлық-кәсіптік колледжі» МКҚК жылдық жұмыс жоспарларын колледж миссиясы мен колледж жұмыстарының негізгі бағыттары мен міндеттерін басшылыққа ала отырып жүргізген. Колледждің жылдық жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес әзірленген. [4.2] (2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша колледждің жылдық жұмыс жоспарлары). [4.3] (2020,2021,2022 жылдары бойынша жылдық жұмыс жоспарларының орындалуы туралы есептер).

«Түпқараған гумнаитарлық- кәсіптік колледжі» МКҚК-ның 2022-2026 жылдарға арналып жасалған стратегиялық даму жоспары 31 тамыз 2022ж. күнгі педагогикалық кеңесте қаралып, №1 хаттамамен бекітілген. Даму жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 5-қосымша), техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына 3-қосымша) негізге алып жасалған.[4.4] (колледждің стратегиялық даму жоспары)

Жоспардың мақсаты: Білім беру қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ету, ТжКОББ жүйесінің заманауи талаптарына жауап беретін колледж қызметінің басымды бағыттарын дамыту. СМДЖ дамыту, ISO Стандарттардың халықаралық ұйымының сертификатын алу, АТ оқыту жүйесін және дуальды оқыту жүйесін енгізу.

Бағдарламалық міндеттер:

Стратегиялық менеджмент жүйесін сапалы біліммен дамыта отырып, туризм саласын, қызмет көрсету саласын дамытуды колледж белгілейді:

Қазақстан Республикасының қызмет көрсету салалары үшін білікті мамандар даярлауда танымал болу;

Колледждің білім беру, мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылымын және материалдық-техникалық базасын жетілдіру;

Аймақтың және республиканың еңбек нарығы сұранысын мейілінше толық қанағаттандыру мақсатында колледж түлектерінде кәсіптік білім деңгейі мен кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру;

Дуальды оқыту жүйесінің даму болашағын арттыру;

Бітіруші түлектермен демонстрациялық емтихан өткізуді енгізу;

Модульді- кредиттік оқытуды енгізу;

Өзіндік шығынын өтейтін өнімдер шығаруды ұйымдастыру;

Ерте кәсіптік бағдар беруді жүйелеу;

WorldSkills өңірлік, ұлттық, халықаралық чемпионатына қатысуды жалғастыру;

BabySkills мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер арасында сайысты өткізуді енгізу;

BestSkills арнайы пәндер оқытушылармен өндіріс шеберлері арасындағы кәсіптік чемпионатын жандандыру;

JuniorSkills жас өспірімдер арасында жұмысшы біліктілігі бойынша сайыстың өткізілуі;

Jas Skills чемпионатын жүйелі түрде өткізу;

«Жас маман» жобасының Жол картасын дайындау және халқыаралық аккредитациядан өту бойынша ерекше назар аудару;

Шетелдік ұйымдардың жасақтаған оқу бағдрламаларын енгізуді жүзеге асыру;

Ішкі бақылауды жүзеге асыру бойынша шығармашылық топ құру;
Колледж әкімшілерін және әдіскерлерін ішкі бақылауды жүзеге асыру оқытуды ұйымдастыру;

Колледждің инженер-педагог қызметкерлерін кәсіби жетілдіруге және өзін-өзі танытуға, білім деңгейін арттыруға, шығармашылығын дамытуға оңтайлы жағдай жасалуын қамтамасыз ету.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі-ТжКОБкБ) жұмыс берушілердің қатысуымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), кәсіптік стандарттар (бар болса), WorldSkills (Ворлдскилс) кәсіптік стандарттары талаптарының негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы;

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестендіріп, колледж жанындағы құрылған индустриалдық кеңесте қаралып, білім беру паспортының негізінде жасақталды.

Түпқараған гуманитарлық – кәсіптік колледжінде білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби модульдердің мазмұнына (World Skills талаптарын ескере отырып) және аралық және қорытынды аттестаттауда («World Skills» стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан) енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына және Маңғыстау облысының білім басқармасының 25.04.2022 жылғы № 108нқ бұйрығына сәйкес жүзеге асырылып келеді. «World Skills» қозғалысының құралдарына негізделген студенттердің қазіргі және болашақ кәсіби құзіреттіліктерін дамыту және кәсіби бағдарлау үшін жаңа мүмкіндіктерін жасау мақсатында арнайы колледж жоспары жасақталды.

Білім беру бағдарламаларын жасақтауда «World Skills» стандарттары талаптарына сәйкес пәндерге енгізу «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Дәнекерлеу ісі», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша жүзеге асырылды.

«World Skills» стандарты 07320100 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының 4S07320106 «Техник-құрылысшы» біліктілігінің, 07150500 «Дәнекерлеу ісі» мамандығының 3W07150501 «Электрғазымен дәнекерлеуші» біліктілігінің, 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы, 4S07161304 «Техник-механик» біліктілігінің оқу бағдарламаларына енгізілді.

2021 – 2022 оқу жылы колледж директорының бұйрығымен [4.5] сәйкес Түпқараған гуманитарлық – кәсіптік колледжін бітіруші түлектерін «World Skills» стандарттары талаптарына сәйкес қорытынды аттестаттау үшін «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша білім алушыларға өз өтініштері бойынша әр мамандықтан 5(бес) білім алушыдан демонстрациялық емтихан өткізілді. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бітіруші білім алушылардың демонстрациялық емтихан кестесі бекітілді. Осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес мамандықтар бойынша бітіруші білім алушылардың демонстрациялық емтиханның комиссия құрамы (сарапшылар құрамы) бекітілді. [4.6]

Демонстрациялық емтиханнан өткен білім алушыларды, сарапшыларды және бағалау парағын CIS жүйесіне енгізу жұмыстарын жүргізу нәтижесі бойынша скилс паспорты жасақталып, «Талап» КЕАҚ сайтына жүктелді.

Түпқараған гуманитарлық – кәсіптік колледжінің ұжымы, колледж білім алушыларына сапалы білім беру үшін жағдай жасауда осы міндетті шешудің жолын табады. Сапалы білім беру үшін жағдай жасау педагог біліктілігіне, колледжішілік басқару мен бақылаудың сапасына, әдістемелік жұмыстың сапасына, материалдық-техникалық базаның даму деңгейіне тікелей байланысты. Бұл компоненттердің әрқайсысының өзіндік мәні бар. Оқыту сапасын бағалаудың қажетті шарты оның нәтижелерін диагностикалау болып табылады. Оқыту сапасын диагностикалау – бұл оларға қол жеткізу жолдарын, оның тенденциялары мен динамикасын ескере отырып, оқу процесінің нәтижелерін дәл анықтау процедурасы. Мамандарды даярлау сапасының мәселелері колледж әкімшілігінің назарында. Білім беру процесінің сапасына мониторингті жүзеге асыру үшін аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейіне талдау жүргізіледі. Құрылымдық бөлімшелердің қызметін талдау ұсынылған нысанда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) 1, 2-қосымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің (бұдан әрі – ТЖКБ) оқу жоспарының моделінегізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы;

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінде қазіргі таңда барлық мамандықтар бойынша негізгі білім беру базасында оқытылады, ал жалпы орта білім беру базасында сырттай бөлімнің мамандықтары оқытылады. Оқытылып жатқан барлық мамандықтардың оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1, 2-қосымшаларына сәйкес, әзірленген. Оқу жұмыс жоспары оқудың барлық кезеңіне әзірленеді және жұмыс берушілер өкілдерінің қатысуымен, колледждің әдістемелік кеңес отырысында қаралып колледж басшысымен бекітіледі (4.7)

Оқу жұмыс жоспарлары (ОЖЖ) оқу модульдерінің немесе оқу пәндерінің тізбесін, реттілігін, көлемдерін, практикасын, тиісті білім деңгейіндегі білім алушылардың оқу қызметінің басқа да түрлерін және бақылау нысандарын реттейді.

Пәндер бойынша кредиттерді/сағаттарды бөлуді, сондай-ақ модульдердің мазмұны мен көлемін анықтауды колледж міндетті оқуға бөлінген кредит/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып, дербес жүзеге асырады.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша ТЖКОКБ бекіткен жұмыс оқу бағдарламаларының болуы;

Жалпы білім беретін және басқа пәндердің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 «Техникалық және кәсіптік білім беру

мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.(4.8). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын және үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №553 бұйрығының мамандықтар бойынша қосымшаларына сәйкес толықтай жасақталды (4.9).

Оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде білім беру қызметін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру үшін жыл сайын колледж директоры бүкіл оқу мерзіміне оқу-тәрбие процесінің кестесін әзірлейді және бекітеді.

Оқу процесінің кестесі теориялық және практикалық сабақтардың кезеңдерін, аралық және қорытынды аттестацияларды өткізу мерзімдерін, сондай-ақ каникулдарды көрсете отырып, оқу жылдары мен семестрлері бойынша жасалады.

Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жеке оқу жоспарын және арнайы оқу бағдарламасын (бар болған жағдайда) іске асыру (бағаланатын кезеңдегі жеке оқу жоспарының және арнайы оқу бағдарламасының көшірмелері қоса беріледі):

2020-2021 оқу жылында «Түпқараған гуманитарлық- кәсіптік колледжі» МКҚК-да ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушы болған жоқ.

2021-2022 оқу жылында «Түпқараған гуманитарлық- кәсіптік колледжі» МКҚК-да ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушы болған жоқ.

2022-2023 оқу жылында «Түпқараған гуманитарлық- кәсіптік колледжі» МКҚК-да ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушы болған жоқ.

Қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып, міндетті жалпы білім беретін пәндердің, сондай-ақ тереңдетілген және стандартты оқыту деңгейлеріндегі пәндердің тізбесі мен көлемінің сәйкестігі (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін);

Білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін пәндерді оқытуды көздейді. Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалады.

Қоғамдық гуманитарлық-бағыт	Жаратылыстану-математика бағыты
01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	07320100 - Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану
01140300-Көркем еңбек	07150500 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)
	07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану
	07221400-Жиһаз өндірісі
	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)

Міндетті және бейіндік пәндерді оқи отырып, жалпы білім беретін пәндердің тізбесі.

№	Қоғамдық-гуманитарлық	Жаратылыстану-математикалық
	Оқу пәндері	Оқу пәндері
1	Математика	Математика
2	Информатика	Информатика
3	Қазақ тілі	Қазақ тілі
4	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті
5	Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі және әдебиеті
6	Шет тілі	Шет тілі
7	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы
8	Өзін-өзі тану	Өзін-өзі тану
9	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
10	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық
Таңдау бойынша пәндер тереңдетілген деңгей оқу жүктемесі		
11	Биология	Физика
12	География	Химия
Таңдау бойынша пәндер стандарттық деңгей оқу жүктемесі		
13	Физика	Биология
14	Химия	География

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Өзін - өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы» ұғымы мен бекітілуі алынып тасталды (Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141 Заңы-VII"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті және білім беруді дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"). Осыған байланысты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) "өзін-өзі тану" пәні алынып тасталды).

Жалпы білім беретін пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген уақыт көлемі 2022 жылы осы модульдің басқа пәндеріне қайта бөлінді.

	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт	Жаратылыстану-математикалық бағыт
№	Оқу пәндері	Оқу пәндері
1	Математика	Математика
2	Информатика	Информатика
3	Қазақ тілі	Қазақ тілі
4	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті
5	Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі және әдебиеті
6	Шет тілі	Шет тілі
7	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы
8	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
9	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық
Таңдау бойынша пәндер тереңдетілген деңгей оқу жүктемесі		
10	Биология	Физика
11	География	Химия
Таңдау бойынша пәндер стандарттық деңгей оқу жүктемесі		
12	Физика	Биология

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру

2021-2022 оқу жылында колледжде оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқу нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға МДКМБС ТЖКБ талаптарына сәйкес (23.07.2021 ж. №362 бұйрық) 1 курс топтары үшін кредиттік - модульдік оқыту технологиясы енгізілді. Міндетті оқытуға арналған Оқу уақытының көлемі оқу жылына 60 кредитті / 1440 сағатты құрайды. Көмек көрсету және жеке қабілеттерін дамыту үшін білім алушыларға консультациялар мен факультативтік сабақтар қарастырылған. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгерген оқу нәтижелері бойынша кредиттермен/сағаттармен өлшенеді. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Модульдік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру

Модульдік білім беру бағдарламасын пайдалану негізгі орта білім беру базасында білім алушылар топтарында жүзеге асырылады.

2020-2021 жылдар аралығында модульдік білім беру бағдарламасын қолдану колледжде мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

Коды, мамандық атауы	Коды, біліктілік атауы
07320100 - Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	4S07320106 - Техник-құрылысшы
07150500 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501-Электргазымен дәнекерлеуші
	1114042-Техник-механик
07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304- Техник-механик
	1201072-Автомобиль жөндеу шебері
01140300-Көркем еңбек	4S01140301-Көркем еңбек мұғалімі
07221400-Жиһаз өндірісі	4S07221406-Техник-технолог

Осы бағдарлама бойынша білім алушыларды даярлау деңгейі жұмыс берушілердің және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес базалық және кәсіптік құзыреттерді анықтауды көздейді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және одан өту;

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ережеге және кәсіпорындарды (ұйымдарды) практика базасы ретінде айқындау қағидаларына сәйкес ұйымдастырылады.

Оқу процесі білім беру ұйымдарында теориялық оқытуды, сондай-ақ оқу – өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында және оқу полигондарында практика басшысының басшылығымен, тәлімгердің, өндірістік оқыту шеберінің, практика басшысының басшылығымен-кәсіпорындар (ұйымдар) базасында орындалатын өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны жұмыс оқу бағдарламаларымен және мамандықтар бойынша жұмыс жоспарларымен айқындалады.

Практика базасы ретінде айқындалған кәсіпорынмен (ұйыммен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93

бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) бекітілген кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шартқа сәйкес кәсіптік практиканы өткізу туралы шарт жасалады ҚР Білім және ғылым министрінің 02.11.2018 № 611 бұйрығына сәйкес).

Білім беру ұйымдарының білім алушыларының кәсіптік практика базаларымен шарт кәсіптік практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларына» сәйкес колледжде әр оқу жылдарында жасақталған білім беру бағдарламаларына сәйкес, Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімі, мамандықтар бойынша серіктес мекемелер мен колледж директоры жасақтаған екі жақты келісім шарттары негізінде оқу-өндірістік практика жұмыстары ұйымдастырылған. (4.10). (4.10.1) оқу жылдары бойынша практика жұмыстары бойынша келісім шарттар)

Білім алушылар кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикалардан өткен. Кәсіптік тәжірибені жоспарлауды қамтамасыз ету, ұйымдастыру, нәтижесі бойынша есеп беру, жоспар-графикін жасалған. Әр айдың қорытындысымен практика жетекшілері практиканың өту барасы туралы есеп беріліп, жинақталған. Әдіскерлермен тәжірибе жинақтаудың мақсаттары, міндеттері, оны бақылау, құжаттарды толтыру, есеп беру туралы жиналыстар өткізіліп, тәжірибе журналдарының уақтылы дұрыс толтырылуын қадағаланып отырады.

Білім алушылардың оқу – өндірістік практикасы, оқушылармен оқу – тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруы практика жетекшілері тарапынан үнемі бақылау жасалынған.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны Заңның 38-бабының 2-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары бекітетін оқу жұмыс бағдарламалары мен жоспарларында айқындалады.

Білім алушыға нысандар бойынша кәсіптік практиканы өту туралы жолдама бланкі және күнделік-есеп берілген. (4.11) (оқу-өндірістік тәжірибе жұмыстары бойынша құжаттар)

Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі кезінде білім беру ұйымынан және практика базаларынан жетекшілер тағайындалады.

Білім алушыларға арналған оқу практикасы нақты пән саласының ерекшелігіне және болашақ мамандықтың кәсіби құзыреттілігіне байланысты барлық мамандықтарда өткізіледі.

Колледж Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін білім алушыларды практика базасы ретінде айқындалған кәсіпорындарға (ұйымдарға), білім беру ұйымдарына жібереді. Кәсіптік практиканы өткізу үшін колледж кәсіпорындармен (ұйымдармен) келісім бойынша практикадан өту туралы бағдарламалар мен күнтізбелік кестелерді бекітеді. Білім алушыларды кәсіптік практикаға жіберу, өту мерзімдері, базасы және практика жетекшісі көрсетілген колледж директорының бұйрығымен ресімделеді. Білім алушыға жолдама бланкі және күнделік-кәсіптік практикадан өткені туралы есеп беріледі.

Кәсіптік практикадан өту кезінде білім алушыларға білім беру ұйымының және кәсіпорынның (ұйымның) басшылары тағайындалады. Қажет болған жағдайда кеңесшілер тағайындалады.

Практика аяқталғаннан кейін білім алушылар тәжірибе туралы есеп пен журналды кәсіпорын басшысының пікірімен және сипаттамасымен тапсырады.

Колледжде кәсіптік практиканы қорғау және есеп беру нәтижелері колледж білім алушыларының үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес сараланған бағалармен сынақтармен бағаланады.

Колледж әлеуметтік серіктестермен серпінді және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жүзеге асырады. Олармен бірлесіп білім беру бағдарламалары әзірленді.

Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау колледждің әлеуметтік әріптестерімен тұрақты өзара іс-қимылда жүргізіледі, бұл колледж білім алушыларының кәсіптік даярлық деңгейін арттырады, колледж түлектерінің кәсіптік құзыретіне қатысты жұмыс берушілердің қажеттіліктерін анықтауға және зерделеуге мүмкіндік береді.

Өндірістік практика оқушыларды практикалық Кәсіптік оқытудың соңғы кезеңі болып табылады. Ол оқу процесінің екі кезеңін қамтиды: 1) өндіріс жағдайында (кәсіпорындарда) оқушыларды өндірістік оқыту, онда олар еңбек операциялары мен еңбек процестерін орындау дағдыларын пысықтайды; 2) білім алушыларды өндірістік жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындауға мамандандыру. Осы кезеңдерде білім алушылардың кәсіби шеберлігінің негіздерін сипаттайтын қасиеттерді одан әрі дамыту, жетілдіру және пысықтау жүріп жатыр, МЖМБС кәсіби сипаттамасының талаптарына сәйкес жұмысты сәтті орындай алатын білікті маман қалыптастырылуда.

Кәсіптік білім беру жүйесіндегі әлеуметтік әріптестік-қазіргі деңгейге сай келетін білімі мен практикалық дағдылары бар бәсекеге қабілетті маманның қалыптасуына ықпал ететін колледждің ғылыми және инновациялық қызметін дамыту факторларының бірі.

Колледжде білім беру бағдарламалары жұмыс беруші мекемелермен келісе отырып, интеграцияланған. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының бағдарламалары жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары жасақталған.

Интеграция келесі артықшылықтарды ұсынады-бұл әлеуметтік серіктестермен және жұмыс берушілермен белсенді ынтымақтастық, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу. Білімнің жаңа салаларын игеруге және жаңа дағдыларды игеруге бәсекеге қабілетті түлектерді тәрбиелеу, бұл олардың болашақ кәсіби қызметі мен колледжді бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуының мансаптық траекториясын анықтау үшін маңызды. Өндіріспен интеграцияның маңызды бөлігі-өндіріс шеберлерінің жыл сайынғы тағылымдамасы барлық кәсіби қызмет барысында оқытумен қаланың жетекші кәсіпорындарында арнайы пәндер оқытушылары мен оқытушыларын даярлайды.

Ынтымақтастық туралы келісім

№	Мамандық атауы	Жұмыс беруші кәсіпорындар
1,	01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	1. «Ақбота» балабақшасы МКҚК 2. «Ер Төстік» балабақшасы МКҚК 3. «Құлыншақ» балабақшасы МКҚК 4. «Айгөлек» балабақшасы МКҚК 5. «Балбөбек» балабақшасы МКҚК 6. «Алпамыс» балабақшасы МКҚК 7. «Толағай» МКҚК
2	01140300 - Көркем еңбек	8. «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы жекеменшік мекемесі 9. «А.М. Горький атындағы мектеп-лицейі» ММ 10. «З.О. Баймырзаев атындағы орта мектебі» ММ 11. «Е. Өмірбаев атындағы орта мектебі» ММ 12. «Ж. Мынбаев атындағы мектеп-гимназия» ММ 13. ЖПТО «Форт-Шевченко мектеп-интернаты» ММ 14. №60 «Ер төстік» балабақшасы

		15.ТОО «Garant Pro» №52 «Самғау балабақшасы
3	07320100 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»	16. «Ондасын строй» 17. «Альянс LTD» ЖШС 18. «Сенімді» ЖШС
4	07161300 – Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	19. «Арғымақ» ЖК көлік жөндеу орталығы, 20. «Каспий коммуналдық қызметі» ЖШС, 21. «Рамазан» ЖК көлік жөндеу орталығы, 22. «Түпқараған су жүйесі» ЖШС
5	07150500 «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)»	«Түпқараған су жүйесі» МКК «Каспий коммуналдық қызметі» ЖШС, 23. «САГА Аташ» ЖШС 24. «Каспиан Оффшор Констрашн» ЖШС 25. «Сенімді» ЖШС 26. «Каражанбасмұнай» АҚ
6	06130100 – Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	27. ЖК «Байғозы Тенелбай Орынбасарұлы» 28. ЖК «Макибаев Мереке Жакибаевич» 29. «Түпқараған орталық аудандық аурухана» МКК 30. «Түпқараған электр жүйесі» МКК
7	07221400 – Жиназ өндірісі	31. «Қуат» ЖК 32. «Жанғараев Тарас Аманкосович» ЖК

2020 жылғы 31 желтоқсан №566 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымына сәйкес 19.01.2021 жылы индустриялық кеңес құрылды және бұйрық шығарылды. (4.12) (4.13) (4.14)

ИК жоспары да жасақталып бекітілді, хаттамалары толтырылды.

2021 жылдың 26 тамызында «Жас маман» жобасы аясында «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша қабылданған топтардың модульдік-кредиттік оқыту жүйесі негізінде оқу бағдарламасын талқылап, ИК мүшелері шешіміне сәйкес жұмыс беруші мекеме ретінде оқу-жұмыс бағдарламалары келісіліп, бекітілді.

2021 жылдың 20 қыркүйекте кезектен тыс отырыс өткізіліп, «Жас маман» жобасы аясында жабдықталған «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандықтары және «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша 15.09.2021 жылғы № 469 бұйрығы негізінде оқу жұмыс бағдарламасын индустриялық кеңесте қарап, әлеуметтік серіктестермен қайта жасақтау жөнінде мәселелер айтылды. «Жас маман» жобасы аясында «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу» және «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандықтары бойынша серіктес мекемелермен бірауыздан келісіліп, барлық талапқа сай оқу бағдарламалары жасақталды.

10.01.2022 жылы жоспарлы түрде 2 отырыс өткізілді. 1. Колледждің әлеуметтік серіктестері мекемелерінің өндірістік базаларында кәсіби тәжірибеден өту жұмыстары жайы талданды. 2022-2023 жаңа оқу жылында қабылданатын 1) 4S01140602 - «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі», 2) 07161300 – «Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 3) 07150500 – «Дәнекерлеу ісі», 4) 3W06120101 - «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы» мамандықтарының оқу бағдарламаларын жасақтау, бекіту мәселелері қозғалып, жаңадан қабылданатын мамандықтар үшін модульдік-кредиттік

технология бойынша әдістемелік бөлім мен арнайы пән оқытушылар дайындаған жұмыстық оқу бағдарламалары жасақталып, мекемелермен келісіліп, әдістемелік кеңес отырысында қаралып, колледж басшысымен бекітуге ұсынылды.

27.05.2022 жылы индустриалдық кеңестің кезектен тыс 2 отырысы өткізіліп, 2022-2023 оқу жылында оқытылатын «Көркем еңбек» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын бекіту туралы сөз қозғалып, білім беру бағдарламасы мақұлданды, мақұлданған білім беру бағдарламалары сараптауға, КЕАҚ «Талапқа» ұсынылды. «WorldSkills -2021» кәсіби шеберлік чемпионатын ұйымдастыру жұмыстары атқарылып, колледжішілік кезең өтіп, қорытындыланып, хаттама, ақпараттамалары, сіз бағалау бетшелері толтырылды.

Білім беру бағдарламалары теория мен практикалық дағдыларды біріктіруге негізделіп отырып жасақталған.

Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТЖКБ бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталмаған адамдар болған кезде) әзірленген арнайы оқу бағдарламаларының болуы.

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінде ТЖКБ бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар (ақыл-ойы сақталмаған адамдар) білім алушы жоқ.

Білім алушылардың физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТЖКБ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы негізінде инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталған адамдар болған кезде) әзірленген жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларының болуы.

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінде ТЖКБ бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар (ақыл-ойы сақталған адамдар) білім алушы жоқ.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) күндізгі оқу нысанында міндетті оқу жүктемесі, сондай-ақ факультативтік сабақтар мен консультацияларды қоса алғанда, білім алушылардың аптадағы оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі;

2020-2021 оқу жылында колледждің 1414000 «Жиһаз өндірісі», 0111000- "Негізгі орта білім", 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша оқу пәндері мен модульдерді интеграциялау талапқа сай жүргізілген. Семестрлер мен курстарға пән/ модуль бойынша пәнаралық байланыс қарастырылған. 2020-2021 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында аталған мамандықтар бойынша оқу уақыты курстар мен семестрлер бойынша бөлінген.

[4.16]

2021-2022 оқу жылында колледждің 07150500 «Дәнекерлеу ісі», 07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандықтары бойынша оқу пәндері мен модульдерді интеграциялау талапқа сай жүргізілген. Семестрлер мен курстарға пән/ модуль бойынша пәнаралық байланыс қарастырылған. 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс

жоспарында аталған мамандықтар бойынша оқу уақыты курстар мен семестрлер бойынша бөлінген. [4.17]

2022-2023 оқу жылында колледждің 01140300 «Көркем еңбек», 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 07150500 «Дәнекерлеу ісі», 06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандықтары бойынша оқу пәндері мен модульдерді интеграциялау талапқа сай жүргізілген. Семестрлер мен курстарға пән/ модуль бойынша пәнаралық байланыс қарастырылған. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында аталған мамандықтар бойынша оқу уақыты курстар мен семестрлер бойынша бөлінген. [4.18]

«Түпқараған гуманитарлық- кәсіптік колледжі» МКҚК –да жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті стандартының 3 тару 18 тармағына сәйкес білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен үйірмелер қарастырылған.

- 2020-2021 оқу жылы 30 факультативтік сабақтары; (4.19. бұйрық);
- 2021-2022 оқу жылы 25 факультативтік сабақтары; (4.20 бұйрық);
- 2022-2023 оқу жылы 32 факультативтік сабақтары ашылды. (4.21 бұйрық);

2) міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемін сақтау;

Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемі оқу жылына 60 кредитті/1440 сағатты (жұмысшы біліктілік үшін – 180 кредит/4320 сағат, орта буын мамандары үшін – 240 кредит/5760 сағат) құрайды. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгерген оқу нәтижелері бойынша кредиттермен/сағаттармен өлшенеді.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

3) әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемін сақтау;

2020-2021 оқу жылында 1201000-«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы 1201072-«Автомобиль жөндеу шебері» біліктілігі, 0111000 «Негізгі орта білім беру» мамандығы 0111043 «Көркем еңбек пәнінің мұғалімі» біліктілігі, 1414000-«Жиһаз өндірісі»" 1414063-«Техник-технолог» біліктіліктерінің оқу уақытына қойылатын талаптар «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес орындалған. Жоғарыда аталған мамандықтар негізгі орта білім базасында оқытудың нормативті мерзімі 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай болып таңдалған. (4.22)

2021-2022 оқу жылында 07150500- «Дәнекерлеу ісі» (түрлері бойынша) мамандығы 3W07150501-«Электргазымен дәнекерлеуші» біліктіліктері, 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының 4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 07320100- Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану мамандығының 4S07320106 –«Техник-құрылысшы», бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің МЖБС-ның 2-қосымшасына және оқытудың модульдік-кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үрдісі ұйымдастырылып және іске асырылды. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес орындалған. Жоғарыда аталған мамандықтар негізгі орта білім базасында оқытудың нормативті мерзімі 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай болып таңдалған.

Жұмыс оқу жоспарлары мен мамандықтар бойынша модульдер негізінде жасалған оқу жұмыс бағдарламалары бар.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспайды. Теориялық оқытудың күндізгі нысаны кезінде оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалды (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді). Міндетті оқу уақытының көлемі жылына 1440 сағатты құрайды. Факультативтік пәндер және (немесе) модульдер 1 оқу тобына аптасына 4 сағаттан артық емес көлемде жоспарланған.

Каникул уақыты жылына 11 аптаны, қысқы мерзімде – 2 аптаны құрайды.

Қорытынды аттестаттауға оқу уақытының көлемі 2 апта.

2022-2023 оқу жылында Түпқараған гуманитарлық- кәсіптік колледжінің 01140300 «Көркем еңбек» мамандығының 4S01140301 «Көркем еңбек мұғалімі», 06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығының 3W06120101 «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы», 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының 3W07161301 «Автомобиль жөндеу слесарі», 07150500 «Дәнекерлеу ісі» мамандығының 3W07150501 «Электргазмен дәнекерлеуші» біліктіліктері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің МЖБС-ның 2-қосымшасына және оқытудың кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үрдісі ұйымдастырылып және іске асырылды. Оқытудың нормативті мерзімі 2 жыл 10 ай болып оқу уақытына қойылатын талаптар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес орындалған.

Міндетті оқу уақытының көлемі жылына 60 кредит/1440 сағатты құрайды.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесін – аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды.

Әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды. (4.23) (4.24) (4.25)

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен кешкі оқыту нысаны үшін 70%-дан төмен емес және сырттай оқу нысаны үшін 30%-дан төмен емес міндетті оқу сабақтары уақыты көлемінің сақталуы;

Міндетті оқу сабақтары уақытының көлемі сырттай оқыту нысаны үшін күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен 30%-ды құрайды. (кешкі оқыту нысаны жоқ).

Ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберлерінің және кәсіптік стандарттарының дескрипторларымен айқындалатын білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары колледждің бағдарламалары мазмұнына және білім алушылар даярлығының біліктілік деңгейіне қарай ҚР БЖҒМнің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 4-тарауына сәйкес мыналарды:

1) өз бетінше жоспарлауды, міндеттерді айқындауды, алға қойылған міндеттерді орындауға жауапкершілік пен соңғы нәтижеге қол жеткізуді болжайтын педагогика қызметінің стратегиясы шеңберінде нормаларды іске асыруын ұйымдастыру мен

бақылауды көздейтін атқарушылық, басқарушылық қызметті басшылықпен іске асыру жөніндегі құзыреттерді;

2) белгіленген норманы орындау тәсілін өз бетінше айқындай білу, еңбек заттары мен құралдарын қолдану, қарапайым міндеттерді орындау жөнінде шешімдер қабылдау, оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау, алған тапсырмаларды нақтылау іскерлігін;

3) заттың өзгеру технологиялары, еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру, тапсырманы өз бетінше орындау туралы, қарамағындағыларға міндеттер жүктеу, олардың қызмет нәтижелерін бағалау және талдау, кәсіптік қызметтің типтік жағдайларында қарамағындағы қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыруын ынталандыру, кәсіби міндеттерді қою және оларды шешу тәсілдері, қағидаттары және әдістері, қарым-қатынастар этикасы мен психологиясы, ойлау және қызмет рефлексиясы, еңбекті уәждеу және ынталандыру тәсілдері, кәсіптік жағдайларды жүйелі талдау тәсілдері және жобалау әдіснамасы, басқарушылық шешімдер қабылдау тәсілдері туралы білімдерді меңгеруге бағытталды.

Курстық жобалар (жұмыстар) жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша оқу жұмысының бір түрі ретінде қарастырылды және оларды оқытуға бөлінген оқу уақыты шегінде орындалады. Семестрдегі курстық жобалардың (жұмыстардың) саны 1 білім алушыға біреуден аспайды. Қосымша бір курстық жұмыс (жоба) жоспарлауға рұқсат етіледі. Барлық пәндер бойынша негізгі нысандары: бақылау жұмысы, сынақ, тестілеу, емтихан болып табылатын аралық аттестаттау өткізу көзделді.

Бақылау жұмыстары мен сынақтар аталған пәнді оқытуға бөлінген оқу уақытының есебінен, емтихандар-аралық аттестаттауға бөлінген мерзімдерде өткізіледі.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары таңдаған пән бойынша емтихан өткізуді көзделді. Білім алушыларға аралық аттестаттау қорытындысы бойынша (әр оқу курсынан кейін) нақты мамандық бойынша қол жеткізген кәсіптік біліктілік беріледі. Білім алушының даярлық деңгейін бағалау үшін кәсіптік білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін қорытынды аттестаттау өткізіледі.

Колледждегі білім алушыларды қорытынды аттестаттау білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды аттестаттауды, кәсіптік даярлық деңгейін бағалау мен біліктілікті беруді қамтиды. Колледждегі білім алушыларды аттестаттау оқытудың толық курсының қорытындысы бойынша білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында өткізіледі.

Колледжде оқытудың толық курсының қорытындысы аттестаттау 2 аптадан аспайды. Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілікті беру бір топқа кемінде 12 сағат Консультация оқу жылына 100 сағаттан аспайды.

Білім беру деңгейіне сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнымен, базалық және кәсіптік құзыреттіліктермен айқындалатын білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды сақталған. [4.26] (Қорытынды аттестаттау хаттамалары) [4.27](2022-2023 оқу жылындағы бітіруші түлектердің қазан айындағы аралық бағаларының үлгерім жиынтық ведомості)

Мамандықтар бойынша бітіруші түлектердің үлгерімі және сапасы:

Мамандықтар	Оқу жылдары	Үлгерім%	Сапа %
0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 0101013 Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	2020-2021	100	33
	2021-2022	100	30
	2022-2023	100	
1201000-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 1201072-Автомобиль жөндеу шебері	2020-2021	100	40
	2021-2022	100	36
	2022-2023	100	

1114000 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	2020-2021	100	44
	2021-2022	100	32
1114042-Техник-механик	2022-2023	100	

2022-2023 оқу жылы колледждің бағдарламалары мазмұнына және білім алушылар даярлығының біліктілік деңгейіне қарай Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 4-тарауына сәйкес дескрипторлар даярлаудың мынадай деңгейлеріне қол жеткізген кезде білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

- білікті жұмысшы кадрларды даярлау кезінде: қойылған міндеттерге сүйене отырып, белгілі бір еркіндік үлесімен іс-әрекет жүргізу, базалық, жалпы білім беретін және практикаға бағдарланған кәсіби білімді қолдану, стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау, алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету;

- орта буын мамандарын даярлау кезінде: маңызды әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, басқалардың стандартты жұмысына басшылық жасау, өзінің оқуы мен басқаларды оқытуға жауапты болу, қызметті және практикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін кәсіби (практикалық және теориялық) білімді қолдану, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін дербес талдауды талап ететін кең спектрдің типтік практикалық міндеттерін шешу; қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдерінің сақталуына өлшемшарттар.

2020-2021 оқу жылы бойынша оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазандағы №604 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 "Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығы негізінде, 2021-2022 оқу жылы бойынша оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазандағы №604 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 "Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығы негізінде, 2022-2023 оқу жылы бойынша оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдерінің сақталуына өлшемшарттарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 "Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығы және 2011 жылғы 20 сәуірдегі «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» №152 бұйрығы негізінде білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдері талапқа сай жасалған.

Колледжде оқытылатын мамандықтар бойынша нормативті оқыту мерзімдері

№	Шифр, мамандықтың атауы (біліктілігі)	Оқу мерзімі
1	0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 0101013 Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	2 жыл 10 ай 3 жыл 10 ай
2	07320100 - Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану 4S07320106 -Техник-құрылысшы	3 жыл 10 ай
3	07150500 – Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) 3W07150501-Электргазымен дәнекерлеуші	2 жыл 10 ай
4	1114000-Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) 1114042-Техник-механик	3 жыл 10 ай
5	07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 4S07161304- Техник-механик	3 жыл 10 ай
6	1201000-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 1201092-Автомобиль жөндеу шебері	2 жыл 10 ай
7	1201000-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 3W07161301-Автомобиль жөндеу слесарі	2 жыл 10 ай
8	01140300-Көркем еңбек 4S01140301-Көркем еңбек мұғалімі	3 жыл 10 ай
9	07221400-Жиһаз өндірісі 4S07221406-Техник-технолог	3 жыл 10 ай
10	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) 3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы	2 жыл 10 ай
11	06130100-Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)* 4S06130103-Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	3 ж 10 ай

5. Оқу-материалдық активтер

2022-2023 оқу жылы 5 кабинет арнайы «Автокөлікке техникалық қызмет көрсету, жөндеу» кабинеті, «Дәнекерлеу ісі» оқу кабинеті, «Педагогика және психология» кабинеті, «Құрылыс материалдары мен бұйымдары» кабинеті, «Технологиялар және оқыту әдістемесі» кабинеті және 8 кабинет жалпы білім «Химия-биология» кабинеті, «Тарих және география» кабинеті, «Орыс тілі мен әдебиеті» кабинеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кабинеті, «Математика-физика» кабинеті, «Шетел тілі» кабинеті, «БӨД» кабинеті, «Информатика» кабинеті бойынша мамандықтарға сәйкес жабдықталған. Колледжде 2 компьютер класы, қазіргі заманға сай жаңа типті 8 интерактивті тақта проекторларымен (олардың ішіндегі 4 интерактивті тақта жиынтығында 4 ноутбук), 3 жылжымалы видео проектор, 3 натяжной экран, 19 ноутбук (10 ноутбук студенттердің білім алуына қызмет жасауда), 33 компьютер (оның ішінде 26-ы компьютерлік кластарда) орналасқан.

Колледжде ауданы 428 кв.м. спорт зал бар. Онда залға тиісті бруссы-турник, гимнастикалық ат, кіші ат, үстел теннисі үстелі, гимнастикалық көпір, гантельдер, бокс қолғаптары, гимнастикалық шығыршықтар, гир, гимнастикалық қабырғалар, граната, бокс тұлыбы, құрсау 900 мл, гимнастикалық құрсау, секіртпе, баскетбол добы, волейбол

добы, футбол добы, волейбол сеткасы, гранаттарды лақтыру, гимнастикалық төсеніш, үстел теннисіне арналған ракеткалар, үстел теннисінің торы, үстел теннисі добы, шағын футбол қақпасы, гимнастикалық таяқшалар, эстафеталық таяқшалар, тартылатын арқан, баскетбол торы, гандбол добы, ысқырық, граната 500-700г, табло спорттық құрал-жабдықтарымен жабдықталған.

Туристік саяхатқа арналған құрал жабдықтар: ұйықтау қапшығы, өрмелеу арқан, альпинистік карабин, стопор – десантер, устройство спусковое, строп

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Түпқараған гуманитарлық – кәсіптік колледжінің кітапханасының көлемі 62,1м². Оған 5 стол, 15 орындық, 1 компьютер мен 1 ноутбук қойылып, интернет жүйесіне қосылған. Колледж кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен шұғылдануына көп ықпал тигізеді.

Кітапхананың кітап қоры 6076 дана. Оның ішінде жалпы білім беретін оқулықтар қоры 3208, арнайы пән бойынша 553 кітап, кәсіптік 1431 кітап, оқу әдістемелік құралдар саны 369 көркем әдебиет 376 кітап, электронды оқулықтар саны 139 дана бар. 2022-2023 оқу жылына мерзімді баспасөзге 9 журнал, 8 газет 191534,08 алынды

7. Білім алушылардың білімін бағалау

Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалауды әртүрлі бақылау түрлері арқылы үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу;

Колледж студенттерінің ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау ережелері ҚР ББМ 18.03.2008 жылғы № 125 бұйрығымен бекітілген ҚР «Білім беру, туралы» заңнамасына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары студенттерінің ағымдағы, аралық және қорытынды аттестациялаудың типтік ережелеріне сәйкес негізделген.

Ағымдағы бақылау пәндер және (немесе) модульдер бойынша практикалық және семинарлық сабақтар жоқ болған жағдайда, оқытушының оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын (жазбаша тапсырмалар, рефераттар) тексеруі арқылы, оның ішінде оқытудың жеке траекториясын ескере отырып жүзеге асырылады.

Ағымдағы бақылау әр оқу жылында екі рет өткізіледі. Бірінші ағымдағы бақылау қазан айында, екінші ағымдағы бақылау наурыз айында жүргізіледі. Ағымдағы бақылау қорытындысы:

2020-2021-43%

2021-2022-43,5%

Білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу пәндерінің және (немесе) модульдерінің тізбесі мен нысанын оқу жұмыс жоспарларына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары белгілейді және оқу жылының басында оқу процесінің кестесіне енгізілген.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары таңдаған пән бойынша емтихан өткізуді көздейді.

Білім алушыларды аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің және (немесе) модульдің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады. Білім алушыларды аралық аттестаттауға даярлау кезеңінде консультацияға бөлінген жалпы бюджет уақыты есебінен консультация өткізілген.

Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды қабылдау) оқытушы және (немесе) аталған пән және (немесе) модуль бойынша семестр бойы сабақ берген

Оқытушылар мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ білім алушылар жіберіледі. Емтиханға 1-2 пәннен және (немесе) модульден қанағаттанарлықсыз бағасы бар білім алушы білім беру ұйымы басшысының рұқсатымен, ал екеуден көп қанағаттанарлықсыз бағасы болса, педагогикалық кеңестің шешімімен жіберіледі.

Аралық аттестаттауды өткізу кезінде емтихан билеттері бойынша тапсырмаларды орындау үшін:

әрбір білім алушыға ауызша емтиханға 25 (жиырма бес) минуттан көп емес;

жазбаша емтиханды өткізуге:

1) әдебиет (шығарма) бойынша 6 астрономиялық сағаттан;

2) математика және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша 4 академиялық сағаттан;

3) мемлекеттік тіл және орыс тілі (мазмұндама) бойынша 3 астрономиялық сағаттан;

4) мемлекеттік тіл және орыс тілі бойынша (диктант) 2 астрономиялық сағаттан көп емес уақыт бөлінген.

Жазбаша емтихан жұмыстары (тест тапсырмалары) білім беру ұйымының мөртабаны қойылған қағаздарда орындалған.

Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер, модульдер бойынша қорытынды бағаларды оқытушылар курс аяқталған соң үлгерімді ағымдағы бақылау бағаларының негізінде қояды.

Күндізгі бөлім бойынша аралық бақылау қорытындылары: 2020-2021-50,3%; 2021-2022-51,5%

Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар жіберілген. (7.1)

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылған.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы дауыс беру құқығынсыз хатшыны қоса алғанда кәсіпорындардың білікті мамандарынан, арнайы пәндер оқытушыларынан, өндірістік оқыту шеберлерінен және оқу орнын басқарудың алқалы органдары өкілдерінен, яғни жұмыс берушілер өкілдерінен 65% және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдерінен 35% арақатынасында құрылған.

(7.2)

Комиссия қорытынды аттестаттауды өткізу кезеңінде қорытынды аттестаттауды өткізуге бір ай қалғанда құрылған.

Комиссия:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларында белгіленген білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің сәйкестігін;

2) білім алушылардың өндірістік оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша нақты білім, іскерлік деңгейін және практикалық

дағдыларын, кәсіптер (мамандықтар) бойынша оқу бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау өткізу тәртібімен таныстыруды білім беру ұйымы кемінде 20 жұмыс күні бұрын жүзеге асырылған.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделген.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қойылған.

Қорытынды емтихандарды тапсыру және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау нәтижелері өткізілген күні жарияланған.

Комиссия төрағасы педагогикалық кеңеске комиссия жұмысының қорытындылары туралы баяндалған. (7.3)

Мамандарды даярлау деңгейінің мемлекеттік ТЖКБ талаптарына сәйкестігін диагностикалау ҚР Білім және ғылым министрлігінің 18.03.2008 жылғы № 125 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу қағидаларымен» ҚР Білім беру типінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады (өзгертулермен және толықтырулармен). Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау кезінде педагогтар пәннің немесе модульдің оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі түрде тексереді.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу нысандарын оқу материалының мазмұнын ескере отырып, педагог айқындайды.

Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жобалар пәнді/модульді зерделеуге бөлінген Теориялық оқыту сағаттары есебінен, емтихандар оқу - тәрбие процесінің кестесіне сәйкес аралық және/немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімдерде жүргізіледі. Курстық жұмысты орындау Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша оқу бағдарламаларын орындау бойынша білім алушылардың өзіндік шығармашылық жұмысын аралық бақылау нысандарының бірі болып табылады.

Курстық жұмысты орындау келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

- * мамандық бойынша алынған теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеу және бекіту және оларды қойылған мәселелерді шешуде қолдану;
- * білім алушылардың өзіндік шығармашылық жұмыс дағдыларын, сондай-ақ өндірістік-техникалық сипаттағы мәселелерді шешу үшін теориялық білімді практикалық қолдану қабілеттерін дамыту.

Курстық жұмыстардың саны, олар көзделетін Пәндердің атауы, сондай-ақ оны орындауға арналған Оқу уақытының саны үлгілік оқу жоспарымен және жұмыс оқу жоспарымен айқындалады. Курстық жұмыс Болашақ дипломдық жұмыстың ажырамас бөлігі бола алады.

Курстық жұмыстар мамандық бойынша білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспарында белгіленген мерзімде орындалады. Курстық жұмыстарды орындау кестесі әзірленді (7.4-қосымша. Курстық жұмыстар бойынша құжаттама)

Курстық жұмыстардың тақырыбын түпкілікті тақырыптардың тізімін анықтайтын тиісті циклдік - әдістемелік бірлестіктер әзірлейді және қарастырады. Курстық жұмыстардың тақырыптары арнайы пәндердің типтік және жұмыс оқу бағдарламаларында көрсетілген курстық жұмыстардың ұсынылған тақырыбына сәйкес келуі керек. Білім алушыларға курстық жұмыстың тақырыбын таңдау құқығы беріледі, егер оның орындылығы негізделсе, бұл білім алушының кәсіптік практика бағдарламасымен, ал сырттай білім алушылар үшін олардың тікелей кәсіптік қызметімен байланысты.

Курстық жұмыстың тақырыбы ұсынылған тізімнен өздігінен тандалады. Тандалған тақырыпты басшы бекітеді. Бір топтың бірнеше білім алушыларының бір тақырып бойынша жұмысына жол берілмейді.

Колледж директорының бұйрығымен ғылыми жетекші тағайындалады.

Курстық жұмыстың жетекшісі білім алушылармен түсіндіру және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді. Консультациялар кестесі Оқу уақытының көлеміне байланысты курстық жұмысты орындау кезеңінде жасалады. Білім алушыларға курстық жұмысты аяқтағаннан кейін басшы тексереді және жазбаша пікірмен бірге білім алушыға танысу үшін береді. Курстық жұмысты қабылдау, тексеру және жазбаша кері байланыс жасау курстық жұмыстың жетекшісімен сабақ кестесінен тыс жүзеге асырылады.

Курстық жұмыстар директордың орынбасары бекіткен кесте бойынша аралық аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей қорғалады және жүргізіледі. Білім алушының қалауы бойынша курстық жұмысты қорғау мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдерінде жүргізілуі мүмкін.

Курстық жұмыс бес балдық жүйе бойынша бағаланады. Курстық жұмыс (жоба) бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушыға:

- осы пән бойынша білімнің қорытынды бақылауын тапсыруға рұқсат берілмейді;
- жаңа тақырыпты таңдау құқығы беріледі немесе бұрынғы курстық жұмысты аяқтауға рұқсат етіледі.

Қорғауға ұсынылған курстық жұмыста басшының ресімделген пікірі болуы керек (жұмысқа қоса беріледі немесе тігіледі). (7.5)

2021-2022 жылдарға арналған курстық жұмыс кестесі

Мамандық	Курс	Группа	пәні	Тапсыру уақыты	жетекші
0101000 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4 курс	ДШВ-18	1.Балаларды табиғатпен таныстыру	28.05.2022ж	Адилханова Гулжан
			2.Дене тәрбиесі және оқыту әдістемесі		Адилханова Гулжан
			3.Технология және оқыту әдістемесі		Адилханова Гулжан
			4.Музыка оқыту әдістемесі		Атажанова Жанна
			5.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру		Адилханова Гулжан
			6.Педагогика		Адилханова Гулжан
			7.Психология		Гулєпова Ақмарал
			8. Бейнелеу, оқыту әдістемесі		Адилханова Гулжан

2022-2023 жылдарға арналған курстық жұмыс кестесі

Мамандық	Курс	Группа	пәні	Тапсыру уақыты	жетекші
0101000 - Мектепке дейінгі тәрбие	4 курс	ДШВ-19	1.Балаларды табиғатпен таныстыру	28.05.2023 ж	Адилханова Гулжан

және оқыту			2.Дене тәрбиесі және оқыту әдістемесі		Адилханова Гулжан
			3.Технология және оқыту әдістемесі		Адилханова Гулжан
			4.Музыка оқыту әдістемесі		Атажанова Жанна
			5.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру		Адилханова Гулжан
			6.Педагогика		Адилханова Гулжан
			7.Психология		Тулепова Акмарал
			8. Бейнелеу, оқыту әдістемесі		Адилханова Гулжан
1114000 - Дәнекерлеу ісі	4 курс	ТСП-19	Дәнекерлеу жабдығы	18.03.2022 ж	Меңдіханов Абзал

Емтихан материалдары циклдік-әдістемелік комиссиялардың отырыстарында қаралады және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бекітеді. Аралық аттестаттау кестесі білім алушыларға уақтылы жеткізіледі.

Семестрдегі аралық аттестаттау нәтижелері әр оқу тобы бойынша ведомостармен ресімделеді, теориялық және практикалық оқу журналдарында, білім алушылардың үлгерім кітаптарында қойылады. 1 және 2 курс топтарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау әріптік балдық - рейтингтік жүйені пайдалана отырып жүргізіледі.

Білім алушылардың даярлық деңгейін бағалау үшін кәсіптік білім беру бағдарламасын игеру аяқталғаннан кейін техникалық және кәсіптік білім берудің тиісті бейінінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген пәндер / модульдер бойынша кешенді емтихан түрінде қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

Колледж білім алушылары қорытынды аттестаттау жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандарды тапсыруды не диплом жобасын (жұмысын) орындауды және қорғауды не медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қоспағанда, арнайы пәндердің бірі және (немесе) модуль бойынша қорытынды емтиханды тапсыра отырып, диплом жұмысын орындауды және қорғауды қамтиды.

Қорытынды аттестаттау оны өткізудің алдын ала бекітілген кестесі бойынша жүргізіледі.

Колледжде білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы кәсіпорындардың білікті мамандары, арнайы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері және оқу орнының алқалы басқару органдарының өкілдері қатарынан жұмыс берушілер өкілдерінің 65% - ы және комиссия хатшысын қоса алғанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары өкілдерінің 35% - ы қатынасында дауыс беру құқығынсыз қалыптастырылады.

Комиссия анықтайды:

1) білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің белгіленген білім беру бағдарламасына сәйкестігі;

2) өндірістік оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша білім алушылардың білімінің, іскерлігі мен практикалық дағдыларының нақты деңгейі, олардың кәсіптер (мамандықтар) бойынша оқу бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігі.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін, оның ішінде қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі, жұмысты ресімдеу қағидалары, жұмысты орындау ұзақтығы, қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспейтіні туралы апелляция беру тәртібі туралы нұсқама жүргізіледі.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу директордың бұйрығымен ресімделеді.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Қорытынды емтихандарды тапсыру және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

Біліктілік деңгейін көрсете отырып, диплом беру туралы шешім пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандардың және (немесе) дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғаудың нәтижелері негізінде қабылданады.

Комиссия төрағасы аттестаттау аяқталғаннан кейін екі апта мерзімде аттестаттау қорытындылары туралы есеп жасайды.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы және т. б.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Ғылыми дәрежесі бар педагогтарды тарту.
2. Кітапхана қорын заманауи оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттермен байыту және жаңарту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

10. Қорытындылар мен ұсыныстар

Қорытынды: «Түпқараған гуманитарлық- кәсіптік колледжі» МКҚК төмендегі мамандықтары білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді:

Коды, мамандық атауы	Коды, біліктілік атауы
01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4S01120102-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі
07320100 - Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	4S07320106 -Техник-құрылысшы
07150500 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501-Электргазымен дәнекерлеуші
	1114042-Техник-механик
07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304- Техник-механик
	1201092-Автомобиль жөндеу шебері

	3W07161301-Автомобиль жөндеу слесарі
01140300-Көркем еңбек	4S01140301-Көркем еңбек мұғалімі
07221400-Жиһаз өндірісі	4S07221406-Техник-технолог
06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы
06130100-Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*	4S06130103-Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы

Білім беру ұйымының өлшемшарттар бойынша қорытынды бағасы: «zhaqsy» - 4

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Біліктілік талаптарына сәйкес материалдық - техникалық базаны жақсарту және кабинеттерді рәсімдеу бойынша жұмысты жалғастыру;
2. Колледждің білім беру процесін кешенді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру;
3. 4. Инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесіне сабақтарды өткізудің әртүрлі нысандары мен әдістерін енгізу жөніндегі жұмысты жақсарту;
4. Пәндер бойынша әдістемелік әзірлемелер мен ұсынымдарды шығару және жариялау бойынша жұмысты жалғастыру.
5. Магистр дәрежесі бар педагогтар үлесін арттыру.

Өзін-өзі аттестаттау нәтижесі:

Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы шешіміне сәйкес «Түпқараған гуманитарлық- кәсіптік колледжі» МКҚК АТТЕСТАТТАЛДЫ.



Комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:

[Signature]

А. Сұлтанғали, колледж директорының міндетін атқарушы, комиссия төрайымы;

А. Жоламанова – директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрайымының орынбасары;

Г. Маңғыбаева – директорының оқу – өндірістік практика жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

[Signature]

А. Таңатарова – директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

[Signature]

А. Қорғанова – колледждің қойма меңгерушісі, комиссия мүшесі.

[Signature]

С. Жанабаева – әдіскер.

[Signature]

С. Алипқалиева - кадр жөніндегі инспектор